

Пәні: Қазақстан тарихы.

Пән мұғалімі: Жансүгір Д. С.

Сыныбы: 10 «А»

Күні: 21.11.2018 ж.

Сабақтың тақырыбы: Көшпелі және отырықшы өркениеттер арасындағы байланыс.

Мақсаты:

Тақырыптың идеялық мазмұнын ашу арқылы айту, түсініп оқи білуге баулу, есте сақтау әдіс – тәсілдерін үйрету. Оқушының ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу тілдерін байыту, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

Пәнаралық байланыс: география.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар іздену, білу, ойлану арқылы тапсырмаларды қатесіз орындауға дағдыланады.

Қолданылатын әдістер: баяндау, сұрақ- жауап, сыни тұрғыдан ойлау.

Ұйымдастыру бөлімі: 1 минут.

Оқушыларды екі түс бойынша топқа бөлу. (сары және көк). Топ басшысын сайлау.

1 топ- көшпелі.

2 топ- отырықшы.

Жаңа тақырып. 3 минут.

Оқушыларға көшпелілер өркениеті, отырықшы өркениет туралы қысқаша мәлімет беру. 3 минут.

Өркениет дегеніміз не?

Көшпелі өркениет дегеніміз не?

Отырықшы өркениет дегеніміз не?

Н. Ә. Назарбаев:

«Қазақстанды Ұлы дала өркениетінің қарашаңырағы ретінде халықаралық деңгейде таңыту «Мәдени мұра» бағдарламасының алдында тұрған үлкен бір мақсаттарының бірі»

Өркениет- қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы.

Көшпелілер өркениеті - түркі тектес халықтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы.

Отырықшы өркениет - түркі тектес халықтардың бір жерде қоныстануы, тұруы. Екіншілікпен айналысу, қала мәдениетінің дамуы.

Жаңа тақырып бойынша мәтінмен жұмыс.

Оқушылар берілген мәтіннің дұрыс немесе бұрыс екенін сызба құру арқылы дәлелдеп береді.

7 минут дайындық. Әр топ 3 минуттан қорғайды.

1 топқа- Жібек жолы- ынтымақтастық жолы.


«Жібек жолы Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу арқылы өтті. Осы халықаралық керуен саудасына көшпелі түркілер мен отырықшы соғдылықтар араласпады. Себебі бұл саудадан оларға еш пайда түспеді. 557 жылы Ираннан елшілік келіп Істеми қағанға қағанаттың қарамағындағы сауда жолдарынан бас тартуды талап етті. Жібек жолы Шығыс пен Батыстың арасындағы сауда қатынасының өркендеуіне кедергі болды.»

2 топқа- Шаруашылық, мәдени және саяси байланыс.

«Көшпелі және отырықшы халықтардың арасындағы қатынас белгілі бір уақытта ғана болды. олардың қарым- қатынасы тек соғысу арқылы өтті. Көшпелілердің өзіндік саяси мәдениеті болмады.»

Сергіту сәті. 2 минут.

Қала – дала байланыстары. 5 минут. Әр топқа 2 минуттан қорғау.



Діндер тоғысуы. 5 минут. қорғау жалпы 4 минут.

Берілген діндердің таралу аймағын, табылған заттарын, таралу себептерін анықтау.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда көшпелі және отырықшы өркениеттердің араласуына діни тоғысулар да әсер етті.

Діндер	Таралуы.
Зороастризм	Оңтүстік Қазақстанда тараған. Отқа табыну орындары, адам сүйегін ыдысқа салып жерлеу ғұрпы кездеседі, қойды қастерлеген. Сырдария бойындағы қалалардан табылған қыш ыдыстарда қойдың, қой мүйізінің суреті, кескіндемесі көп кездеседі.
Будда	Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда соғдылардың келуімен таралған. VIII ғ. I жартысында Батыс түрік қағанатының кейбір ел басшылары будда дінін қабылдаған, бұл діннің таралуына жағдай жасаған. Будда храмдары Ақбешім, Краснореченск, Испиджаб (Сайрам), т.б. қалалардан табылған.
Манихей	Месопотамия жерінен шыққан дін. Қазақ жеріне Мауреннахр отырықшылары арқылы келді. VIII ғасырда Батыс Түрік қағандары шығыстан келген дінге қолдау жасады. Орталығы- Тараз қаласы болды. Олар мал етін жеуге қарсы болды, тек өсімдік пайдалануды уағыздады. Түркілерді манихей дініне тартуды көздеді.
Несториан	Б.з.Ү ғасырында Қазақстан жеріне ене бастады. V- VIII ғасырларға жататын шіркеулері, ескерткіштері Тараздан, Меркеден, т.б. оңтүстік және Жетісудың ортағасырлық қалаларынан табылды.

Қорытындылау. }
Бағалау. } 3 минут.
Үйге тапсырма. }